

ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2024. № 27 (1)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)

E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164

Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Аязан Бүркітбай Фелманұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Астана, Қазақстан) Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсылауұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Мотузаите-Матузевичюте, Гидре, Археология докторы, профессор, "Биоархеология" ғылыми орталығының жетекшісі, Вильнюс университеті, Вильнюс қ., Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропология (Токио, Жапония);

Отепова Гульфира Елубаевна, Тарих ғылымдарының докторы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры Павлодар қ., Қазақстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, әлеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Саидов Ильхомжон Мухиддинович, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Самарқан, Өзбекстан); ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Әбікей Арман Мұратұлы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Копеева Сания Жуматайқызы

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Аяган Буркитбай Гелманович, доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Астана, Казахстан); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Еимухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы) Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрсылович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Мотузайте-Матузевичюте, Гидре, Доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, г. Вильнюс, Литва; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Отенова Гульфира Елубаевна, Доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А. Маргулана. г. Павлодар, Казахстан; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томоико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Абикей Арман Мурадович

Мурзаходжаев Куаныш

Технический секретарь

Копеева Сания Жуматаевна

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Ayagan G. Burkitbay, Professor of History, Deputy Director of the Institute of State History Institute of Republic of Kazakhstan, (Astana, Kazakhstan); Scopus Author ID: 58655559700; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Motuzaitė-Matuzevičiute, Giedre, Professor (Archaeology), Full Professor, a head of Bioarchaeology Research Centre at Vilniaus Universitetas, Vilnius, Lithuania; Scopus Author ID: 25225880890; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Otepova Gulfira Elubayevna, Doctor of Historical Sciences, Professor Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan; Scopus Author ID: 57194518893; ORCID

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300; ORCID

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuillemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Abikey Arman

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Kopeyeva Saniya



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 27. Is. 1, pp. 105-116, 2024
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.00.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_1_105-116

**XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ӘМІРСАНА КӨТЕРІЛІСІ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫ**

Олжас Уәлиханұлы Беркінбаев¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Әлеуметтану ғылымдарының магистрі,
<https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024
© Беркінбаев О.У., 2024

Андатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада XVIII ғасырдың ортасында Жоңғарияда өткен тарихи оқиғаларға назар аударылып, қазақ билеушілері мен көрші елдермен арадағы аумақтық қақтығыстардың күрделі және көп қырлы тарихы баяндалады. Әмірсана көтерілісі, Төле би елшілігі және қазақ батырлары мен жасақтарының ерлігіне, тараптар арасындағы кейінгі дипломатиялық және әскери өзара іс-қимылға, әсіресе жоңғар көтерілісінің көшбасшысы Әмірсанаға байланысты оқиғалар контекстіне ерекше назар аударылады. *Материалдар мен әдістер.* Ғылыми мақаланы даярлауда басты назарға объективтілік пен тарихилық қағидаттары негізгі басшылыққа алынды. *Бұл зерттеудің мақсаты мен міндеттері* Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекеті арасындағы саяси, әлеуметтік және әскери динамиканы терең талдау, шиеленістің өршуіне немесе шешілуіне ықпал еткен факторларды анықтау, сондай-ақ осы процестердегі тұлғалардың рөлін түсіну мен талдау болып табылады. *Зерттеу нәтижелері* сол замандағы тарихи оқиғаларға жаңа түсінік беруді, тараптар арасындағы қатынастардың аз зерттелген аспектілерін қамтуды, сондай-ақ тарихи қарым-қатынастардың аймақтық тарихқа әсерін талдауды ұсынады. Тақырыпты зерттеу нәтижесінде XVIII ғасырдың 50 жылдарының ортасына қарай Абылайдың ықпалы қазақтың көптеген руларына тарап, оның ойраттарға қарсы сәтті әскери жорықтары зор мүмкіндіктерге жол ашқандығы анықталды. Сонымен қатар, Абылай сұлтан екі алып мемлекетпен де бейбіт дипломатиялық қатынасты сақтай отырып, Ресей мен Цин империялары арасында шебер саясат жүргізгендігіне көз жеткіземіз. *Жұмыстың қорытындылары* бұл тақырыпты тек тарихшылар үшін ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия мен Қазақстан тарихына және оның көрші мемлекеттермен өзара интеграциясына қызығушылық танытатын қалың жұртшылық үшін зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігін атап өтуге бағытталған. Бұл зерттеудің маңыздылығы аймақтағы ұлттық бірегейлікті, мемлекеттік шекараларды және ұлтаралық қатынастарды қалыптастырудың күрделі процестерін түсінуге байланысты.



Түйін сөздер: Абылай, Әмірсана, хандық, Цин билігі, халықаралық қатынастар, ұлттық бірегейлік, дипломатия.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН BR21882225 «Ежелгі заманнан біздің заманымызға дейінгі Солтүстік Қазақстан тарихы» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды орындау шеңберінде дайындалған.

Дәйексөз үшін: Беркінбаев О. У. XVIII ғасырдың ортасындағы Әмірсана көтерілісі және Қазақ жасақтары // Отан тарихы. 2024. Т. 27. №1. 105-116. (Қаз.). DOI:

10.51943/2788-9718_2023_27_1_105-116

THE AMURSANA UPRISING AND THE KAZAKH MILITIAS IN THE MIDDLE OF THE XVIII CENTURY

Olzhas Ualikhanuly Berkinbayev¹

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan)

Master of Social Sciences

<https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

Abstract. *Introduction.* This article tells the complex and multifaceted history of territorial conflicts between the Kazakh rulers and neighboring countries, paying special attention to the historical events that took place in Dzungaria in the middle of the XVIII century. Special attention will be paid to the uprising and the feat of the Embassy of Tole bi and the Kazakh batyrs and detachments, as well as the context of events related to subsequent diplomatic and military interaction between the parties, especially with the leader of the Dzungarian uprising Amursana. *The purpose and objectives* of this study is an in-depth analysis of the political, social and military dynamics between the Kazakh Khanate and the Dzungarian state, identification of factors that contributed to the aggravation or resolution of tension, as well as understanding and analysis of the role of individuals in these processes. The results of the study suggest giving a new understanding of the historical events of that time, covering little-studied aspects of relations between the parties, as well as analyzing the impact of historical relations on regional history. *Materials and methods.* When preparing a scientific article, the main important principles were the principles of objectivity and historicity. *The results* of the work are aimed at emphasizing the relevance and necessity of studying this topic not only for historians, but also for the general public interested in the history of Central Asia and Kazakhstan and its mutual integration with neighboring states. The importance of this research is related to the understanding of national identity, state borders and the complex processes of formation of interethnic relations in the region.

Keywords: Abylai, Amursana, Kazakhs, Qing power, national identity, diplomacy, military strategy

Acknowledgements. This article was prepared as part of the implementation of the program-purpose financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR21882225 "The history of Northern Kazakhstan from ancient times to our time".

For citation: Berkinbayev O.U. The Amursana uprising and the Kazakh militias in the middle of the XVIII century // Otan tarihy. 2024. Vol. 27. No. 1. Pp. 105-116. (In Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_27_1_105-116



ВОССТАНИЕ АМУРСАНЫ И КАЗАХСКОЕ ОПОЛЧЕНИЕ В СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКА

Олжас Уалиханулы Беркинбаев¹

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Магистр социальных наук

<https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

Аннотация. *Введение.* В данной статье рассматривается сложная и многогранная история территориальных конфликтов между казахскими правителями и соседними странами, уделяя особое внимание историческим событиям, произошедшим в Джунгарии в середине XVIII века. Особое внимание уделено к восстанию Амурсаны и подвигу посольства Толе би и казахских батыров и отрядов, а также контексту событий, связанных с последующим дипломатическим и военным взаимодействием между сторонами, особенно с лидером Джунгарского восстания Амурсаной. *Целью и задачами* данного исследования является глубокий анализ политической, социальной и военной динамики между Казахским ханством и Джунгарским государством, выявление факторов, способствовавших обострению или разрешению напряженности, а также понимание и анализ роли личностей в этих процессах. *Материалы и методы.* При подготовке научной статьи основными важными принципами были принципы объективности и историчности. *Результаты исследования* предлагают дать новое понимание исторических событий того времени, охватить малоизученные аспекты отношений между сторонами, а также проанализировать влияние исторических отношений на региональную историю. *Итоги работы* направлены на то, чтобы подчеркнуть актуальность и необходимость изучения данной темы не только для историков, но и для широкой общественности, интересующейся историей Центральной Азии и Казахстана и ее взаимной интеграцией с соседними государствами. Важность этого исследования связана с пониманием национальной идентичности, государственных границ и сложных процессов формирования межнациональных отношений в регионе. В результате изучения темы было обнаружено, что к середине 50-х годов XVIII века влияние Абылай распространилось на многие казахские роды, а его успешные военные походы против ойратов открыли путь к большим возможностям. При этом мы позаботимся о том, чтобы Абылай Султан проводил умелую политику между Россией и империями Цин, сохраняя при этом мирные дипломатические отношения с обоими государствами-гигантами.

Ключевые слова: Абылай, Амурсана, ханство, Цин, международные отношения, национальная идентичность, дипломатия.

Благодарность. Данная статья подготовлена в рамках выполнения программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR21882225 «История Северного Казахстана с древнейших времен до нашего времени».

Для цитирования: Беркинбаев О.У. Восстание Амурсаны и Казахское ополчение в середине XVIII века // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. С. 105-116. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_27_1_105-116



Кіріспе. Мақалада XVIII ғасырдың ортасында Жоңғарияда өткен тарихи оқиғаларға назар аударылып, қазақ билеушілері мен көрші елдермен арадағы аумақтық қақтығыстардың күрделі және көп қырлы тарихы баяндалады. Әмірсапа көтерілісі, Абылай хан елшілігі және қазақ батырлары мен жасақтарының ерлігін, тараптар арасындағы кейінгі дипломатиялық және әскери өзара іс-қимылға, әсіресе жоңғар көтерілісінің көшбасшысы Әмірсапаға байланысты оқиғалар контекстіне ерекше назар аударады.

Қазақ ханы Абылайдың Жоңғария билеушілерінің таққа талас жолындағы ішкі алауыздықтарын ел мүддесі үшін сәтті пайдалануы қозғалады.

Материалдар мен әдістер. Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекеті арасындағы саяси, әлеуметтік және әскери динамиканы терең талдау, шиеленістің өршуіне немесе шешілуіне ықпал еткен факторларды анықтау, сондай-ақ осы процестердегі тұлғалардың рөлін түсіну мен талдау болып табылады. Мақаланы жазуда Ресей империясының сыртқы саясат архиві, Омбы облысының тарихи архиві қойнауларының құжаттар кешені қолданылды. Зерттеу әдістемесі тарихи, салыстырмалы-тарихи және проблемалық-хронологиялық әдістерді қамтиды, бұл қазақ билеушілері мен Цин билігі арасындағы аумақтық қайшылықтардың себептерін, барысы мен салдарын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Зерттеу мақсаттарына жету үшін зерттелетін оқиғалар дамуының негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін тарихи мәтіндердің мазмұнын талдау және сандық деректерді талдау әдістері де қолданылады.

Талқылау. Жоңғар хандығының ішкі саяси жағдайы күш алып келе жатқан тұрақсыздықпен сипатталды. Жоңғар ханы Галдан Церен қайтыс болғаннан кейін хан билігі үшін күрес басталды: таққа оның 1745 жылы небәрі 13 жаста болған ортаншы ұлы Цеван Доржи отырды. 1750 жылы мамырда қастандық нәтижесінде Цеван Доржи жоңғар дворяндары тарапынан тақтан тайдырылды, ал жаңа билеуші Галдан Цереннің үлкен ұлы Лама Доржи болды, оған 1750 жылы 12 қазанда салтанатты түрде тәж кигізілді (РИССА. қ. ККД. 1752. 122/1 -т. 53-п.).

Лама Доржимен бірге таққа үміткерлердің бірі Жоңғар хандығының негізін қалаушы Батур қонтайшының тікелей ұрпағы - ноян Даваци болды. Даваци - ноян Нәмжілдің ұлы, ойраттың атақты қолбасшысы Церен Дондобаның немересі, қонтайшы Цеван Рабданның немере ағасы. Оның қонысы Тарбағатайда орналасып, бағынышты руларының саны 8 мыңға жуық отбасы болған (Ерофеева, 2013: 424). Жас ноянның билігі мен көпшілікке танымалдығы қонтайшы Лама Доржидің саяси ықпалынан ішінара асып түсті. Лама Доржи ұстанымының әлсіздігін қазақ елшілік миссиясының құрамында Жоңғарияға барған Төле би де атап өтті (Жанаев, 2013: 248). Көп ұзамай Даваци мен оның жақтастары, екінші жағынан, Лама Доржи арасында ашық күрес басталды.

Даваци әу бастан-ақ өзін шығу тегі бойынша Жоңғар тағына неғұрлым лайықты үміткер санап, Лама Доржиге қарсы дұшпандық танытты. Даваци мен Лама Доржи арасындағы күрес екіншініңқарапайым, тексіз әйелден туылып, хан тағына отыруының «заңсыздығы» негізінде туындады (Моисеев, 1991: 206). Давацидің ұмтылысын Галдан Цереннің қызы Бадақтың хойт тайпасының Үйзен-хошучи ноянымен некесінен туылған, Тарбағатай өңірінде жақын маңда қоныстанған хойт нояны Әмірсапа қолдады (Моисеев, 1991: 201).

Ашық қақтығыстың бірден-бір себебі Давацидің көкесі және Әмірсананың қайын атасы болып келетін дербеттер билеушісі ноянын Даши Даваның Лама Доржидің бұйрығымен кедейленуі және жер аударылуы болды (Моисеев, 1991: 206). Бұл туралы хабар Даваци ордасы мен Әмірсапа қонысына жеткенде, олар бұл қадамды ашық жаулық деп бағалап, қол жинап, солтүстікке қарай жылжиды. 1751 жылдың күзінде



Жоңғарияда Лама Доржидің Даваци мен Әмірсана арасында бірнеше ауыр шайқастар болды, олар Жоғарғы Ертіс алабында жеңіліске ұшырап, қазақ даласына қашып кетті. Ойрат нояндары Даваци, Әмірсана, оның інісі Банчжур және олармен бірге ілескен аз ғана жауынгерлер Абылай сұлтанға бағынатын Керейлердің көшпелі лагерьлерінен, старшина Қайып батырдан саяси пана тапты (Сулейменов, Моисеев, 1988: 132). Сол маңайдың жергілікті қазақтары оларды жақсы қарсы алып, алғашқыда тамақ, киім-кешекпен көмектесті. Жергілікті халық оларға жылы лебізін білдіріп, алғашқыда азық-түлік пен киім-кешекпен көмектесті. Бұл қонақжайлылықтың себебін аша отырып, Орынбор әкімшілігінің Орта жүздегі эмиссары М. Арапов қазақтардың «ол нояндардың өздерінен пана тапқанын олжа көріп, олардың барша... қалмақтардың қастарында болып, көбеюін және сол арқылы халқының күшеюін күтеді...» (РИССА. қ. ЗД. 1752-1753: 2-13-п.). Жоңғар хандығы әлсіреген сайын оның Қазақстан мен Орта Азиядағы жағдайына ықпалы жойыла бастады. Ташкент іс-жүзінде бақыланбады. 1752 жылдың жазында ордада Орта және Ұлы жүздердің батырлары мен ру басшыларының жиналысы өтіп, онда Абылай және батырлардың көпшілігі Даваци мен Әмірсананы қолдап сөйледі. Қазақ билеушілері Жоңғар хандығында «елеулі азаматтық қақтығыстар мен толқулар болғанын, сол себепті ол қазірдің өзінде үш партияға бөлінгенін, атап айтқанда: біріншісі Қытайға, екіншісі Сібір жағына Ертіс өзеніне көшкенін және үшінші бөлігі ғана өз жерінде көшіп қонып жүргені, онда жаңа иесі бар екенін» білген (Моисеев, 1991: 210).

Жоңғариядағы өзара күрестің бастапқы кезеңінде қазақ билеушілері болып жатқан оқиғаларды мұқият бақылап, оларға араласпаған. Алайда үш ойрат ханзадасының Орта жүзге қашуы Жоңғариядағы саяси жағдайды ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының ықпалды феодалдарының Лама Доржиге қатысты саясатының бағытын да түбегейлі өзгертті. А.И. Левшин Жоңғарияда тұтанған азаматтық қақтығыстарға қатысты қазақ билеушілерінің ұстанымын сипаттай отырып, «жоңғарлар арасында алауыздық басталған бойда казактар оларға бірден белсене араласты. Жоңғардың қуылған барлық князьдері мен зайсандықтарға пана болып, олармен бірігіп, реніштері үшін кек қайтарып, жауларына шабуыл жасап, байғұстарға көмектесеміз деген желеумен байырғы жауларының шапқыншылықпен жою үшін бірде-бір мүмкіндікті жіберген жоқ» (Левшин, 1832: 82).

1752 жылы күзде Жоңғарияда қонтайшы атағы үшін қанды шайқас басталып, Лама Доржидың негізгі қарсыластары ноян Даваци мен оны қолдаған хойт нояны Әмірсанының қазақ даласына қашуына байланысты қазақтар мен ойраттар арасында 1755 жылдың көктеміне дейін созылған әскери қақтығыстардың жаңа кезеңі басталды (Уәлиханов, 1985: 303). Үрге мен Орта жүз билеушілері арасындағы қарым-қатынаста басты мәселе ойрат хандаларын Жоңғарияға беру мәселесі болды. Орта жүз билеушілерінің, ең алдымен Абылайдың қорғаушы саясаты, Жоңғарияда Лама Доржи билігіне наразылықтың күшеюі, олардың кейбір бұрынғы қол астындағылардың оларға қашуы Даваци мен Әмірсананың жоспарларын өзгертті. Олар қазақ сұлтандары мен старшындарын Жоңғарияға шапқыншылық жасау үшін оған сарбаздар отрядын беруге көндіре бастады. Абылай нояндарды қолдауға бейім болды, бірақ жиналыстың шешімін күтті.

Осыған орай кеңес шақырылып, оған Кіші және Орта қазақ жүздерінің өкілдері қатысты. Кеңеске қатысушылардың көпшілігі, 70-ке жуық адам Абылай сұлтанды қолдады. Олардың ішінде Бөгенбай батыр, Жапақ батыр, Ералы сұлтан және т.б. болды. Олар Давациді, Әмірсананы және Банчжурды Жоңғар ханына беруге болмайды деп санады (РИССА. қ. ЗД. 1752-1753: 13-14-п.). Бұған Абылайдың Жоңғар тұтқынында жүргенде танысқан Даваци мен Әмірсанаға деген жеке көзқарасы белгілі рөл атқарса керек. Әйтсе де, ең бастысы, қазақ билеушілерінің ең көреген бөлігінің ойрат тағына өз



қолбасшысын көтеруге талпыныс жасауы еді. Бұл мәселені шешуде Абылай сұлтан маңызды рөл атқарды (РИССА. қ. ЗД. 1752: 13-40-п.). 1752 жылы Лама Доржы XVIII ғасырдың 50 жылдарының ортасына қарай Абылайдың ықпалы қазақтың көптеген руларына тарап, оның ойраттарға қарсы сәтті әскери жорықтары зор мүмкіндіктерге жол ашты.

Келесі кезекте Абылай сұлтан екі алып мемлекетпен де бейбіт дипломатиялық қатынасты сақтай отырып, Ресей мен Цин империялары арасында шебер саясат жүргізді. Абылайдың тұрағына үш елшілік жіберіп, қауіпті қашқындарды өзіне тапсыруды талап етті, бірақ Қазақ сұлтаны Орта және Ұлы жүз ақсүйектерінің ықпалды өкілдерінің қолдауына ие болып, бұл әрекеттен үзілді-кесілді бас тартты.

Абылай 1752-1753 жылдары болған күресте Даваци мен оның одақтастарын Лама Доржыға қарсы қойса, 1754 жылдың басынан бастап Үргедегі билікті қолына алып Жоңғар қонтайшысына айналған Даваци мен бұрынғы жақтасы – Әмірсана арасындағы одақтастық қатынастар бұзылған кезде Абылай хойт ноянының жақтасына айналды (Абылай хан..., 2013: 142).

Қазақ шонжарларының оларды Лама Доржиге бермеу жөніндегі шешуші ниетіне көзі жеткен Даваци, Әмірсана және басқа одақтастары жоңғар ханына өз өкілдерін жіберіп, олардан тартып алынған дүние-мүлкін, ұлыс адамдарын, малдарын қайтаруды талап етеді. Оның үстіне Даваци өзінің жақтастарына «Жоңғар жерінің табиғи иесі» тек өзі екенін барлық жерде жария етуді бұйырады (Моисеев, 1991: 212). Көтерілісші нояндардың мұндай қиян-кескі мінез-құлқы үргеде олардың адамдарын бірнеше рет жазалаумен, қол астындағылардың қазақ қоныстарына қашып кетуіне әкелді. Бұл уақытта Даваци мен Әмірсанаға 150-ден астам адам қосылды (РИССА. қ. ЗД. 1752-1753: 12-13-п.). Бұл жаңа қазақ-ойрат соғысына әкелді.

Қазақтардың Даваци ноянын беруден бас тартуына тап болған Лама Доржи үйсіндердің, уақтардың және керейлердің қоныстарын жайпау туралы бұйрықпен Орта жүзге әскер жібереді. 1752 жылы 9 қыркүйекте Сайын Белек, Шақдор, Батур Убаши басқарған 15-20 мың адамдық жоңғар жасақтары Орта жүз қоныстарына басып кіреді. Шабуыл нәтижесінде 3 мыңнан астам қазақ тұтқынға алынып, орасан көп мал мен мүлік олжаланады (Жанаев, 2013: 248). Бұған жауап ретінде Абылай Қожаберген басқарған абақарейлердің жасақтарын және қазақ ұлыстарында тұтқынға түскен барлық жоңғар жауынгерлерін Даваци мен Әмірсанаға береді. Бір мезгілде үлкен соғысқа дайындық басталып, ауылдар өзен бойындағы Тобыл мен Обағанға тез көшіп кетті, Торғай өзенінің жағасында қазақ жасағын жинау бұйырылды.

Жасақтарды осылайша жұмылдыру патша үкіметінің назарын аударды. Даваци мен Әмірсананың қазақ даласына қашып кеткені және жоңғар әскерлері мен қазақтар арасында соғыс басталғаны туралы хабар алған олар бұл оқиғаларға араласып, нояндардың Ресейге келуін қамтамасыз етуді ұйғарды. Сыртқы істер алқасы ноян Давацидің Үргедегі билікті басып алуына жол бермеуге тырысты, бұл жағдайда қазақ билеушілерін өз жағына тарту қиынға соқпайды деп қауіптеді. Осы мақсатта Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтың көмекшісі бригадир А.И.Тевкелев пен оның әріптесі П.И. Рычков 1752 жылы күзде капитан А.Яковлевті нояндардың орыс өкіметіне берілуіне қол жеткізу тапсырмасымен Абылайға жіберді (Моисеев, 1991: 217).

Орыс елшісімен келіссөздер кезінде Абылай дипломатиялық әдептілік танытты, бірақ сонымен бірге әртүрлі сылтаулармен Даваци мен Әмірсананы Орынбор билігіне беру туралы уәдеден жасырын түрде жалтарады. Бұл кезде Орта және Кіші жүздегі қазақ билеушілерінің мүдделері Орта Азиядағы ойраттардың талаптарымен соқтығысты. Жоңғарлар да, қазақ феодалдары да өзен алабында тұратын көшпелі және Сырдария өзені бойындағы отырықшы халықтарға үстемдік жасауға ұмтылды. Жоңғар әскерлерінің шапқыншылығы және олардың бірқатар қазақ шекаралық қоныстарын



талқандауы қарапайым қазақ халқының ойрат ханзадаларына деген көзқарасының күрт өзгеруіне әкеліп соқты және Орта жүзде келіспеушіліктер туындады. Кезінде Абылай жақын арада Жоңғариядан нояндарға әскер келетінін айтып, Даваци мен Әмірсананы Жоңғарияға бермеуге өз руластарын сендірген еді. Алайда, бұл әскер келген жоқ. Өзеннің жоғарғы ағысында өмір сүретін қарақалпақтардың ойраттарға қарсы тұру үшін қазақ билеушілерінен көмек сұраған өтініш келіп түскеннен кейін, ол жаққа Қабанбай батыр мен Барақ сұлтанның баласы Хайбаның басшылығымен дереу жасақ аттандырылды (Моисеев, 1991: 221). Осы кезде Абылай өзінің хатын А.И. Тевкелевке жібергеннен кейін, 1752 жылы қарашаның басында Орта жүз жасағы орналасқан жерден әрі көшіп кеткен жоңғар нояндары ойрат жауынгерлерінің отрядын басқарып, Жоңғарияға жасырын жорық жасап, Үргеге жақындады (РИССА. қ. ЗД. 1757: 7-п.).

Жасырын қозғалыспен жасалған мұндай сәтті айла-шарғы Лама Доржының өз тұрағын сенімді қорғаныссыз қалдырып, қазақ хандықтарына, Орта Азияға айтарлықтай күштерді бағыттап, Цин империясымен шекараға көптеген сақшыларды орналастыруы нәтижесінде мүмкін болды, оны қарсыластары сәтті пайдаланды. 1753 жылы 12 қаңтарда олар қонтайшы штабына басып кіріп, Лама Доржиді өлтірді (Ерофеева, 2014: 424). Даваци ел билеушісі болып жарияланды. Осы сәттен бастап қазақ-ойрат қатынастары тарихында қазақ шонжарларының жоңғар ханзадаларының аралық күресіне белсенді араласуымен сипатталатын жаңа кезең басталды. Барлығы 1753 жылдың күзіне қарай Жоңғарияда саны 5 мың адамға дейін жететін қазақ жасақтары әрекет етті. Осы кезде Давацидің өтініші бойынша қазақ жасақтары негізгі соққыларды Даваци хандығына қарсы шыққан дербеттерге жасады. Бұл кезде қазақ жасақтары Лама Доржидың белсенді серігі Сайын Белектің жерлерін талқандады (РИССА. қ. ЗД. 1754: 4-5-п.). Кейбір жанама дәлелдерге қарағанда, Абылай мен Даваци арасында тек әскери қимылдар ғана емес, олжаны бөлу туралы да келісім жасалған. Бұған қазақ жасақтарының тұтқынға алған ойраттардың куәліктері дәлелдейді, оған сәйкес Дербет көшпелілерінің ер-азаматтарының түгелдей Давациге, ал әйелдер мен балалары қазақ ұлыстарына кетеді. Қазақтардың Даваци және Әмірсаны жасақтарымен бірлескен әрекеттері 1753–1754 жж. қыста жалғасты.

Давацидің Жоңғариядағы билігінің басында хойт нояны Әмірсана оны белсенді түрде қолдап, «онымен бірге болды және әлі де достық қарым-қатынаста болды» (Моисеев, 1991: 226), бірақ 1753 жылы бұрынғы жолдастар арасындағы қарым-қатынас айтарлықтай күрделене түсті және келесі жылдың ортасында ашық текетіреске айналды. Алтай мен Тарбағатайдағы көшпелі ойраттардың билеушісі болып тағайындалуына қанағаттанбаған Әмірсана хандық биліктің жартысын талап етті (РИССА. қ. ЗД. 1751: 8-п.). Одақтастар арасындағы кикілжіңге Даваци қол астындағы зайсандар да себеп болды, олар Әмірсана оны өлтірмекші болды деген жалған ақпарат берді (Моисеев, 1991: 226). Осыған байланысты Әмірсана өзін ұстау туралы бұйрықты естіп, өзінің қоныстарына қашуға мәжбүр болды.

1752-1753 жж. бұл күресте Абылай Лама Доржиге қарсылықта Даваци мен оның одақтастарын қолдады, ал 1754 жылдың басынан олар Ургадағы билікті басып алғаннан кейін және одан әрі жоңғар қонтайшысына айналған Даваци мен Әмірсана арасындағы одақтастық қатынастар бұзылғаннан кейін ол хойт ноянының жағын қабылдады. А.И.Левшин былай деп атап көрсетті: «Зерек, іскер Абылай сұлтан жоңғар қожайындарының талас-тартыстарын пайдалану мүмкіндігін мүлт жібермей, олардың ішкі дау-дамайының жалғасуына жан-жақты ықпал етті, өйткені олардың ежелгі жауларының бытыраңқылығы мен әлсіреуі өз тыныштығы мен сыртқы істері үшін қаншалықты қажет екенін жан-жақты түсінді» (Сулейменов, Моисеев, 1988: 46). Ойраттардың көшпелі мемлекетіндегі өзара соғыстар кезінде Қазақ сұлтаны Орта жүз жасақтарының басында Жоңғарияға әскери жорықтар жүргізіп, бұл жорықтар арқылы



қазақ көшпелілерінің оңтүстік-шығысындағы шапқыншылықтардан қауіпсіздігін қамтамасыз ете алды және ойрат хандары мен нояндарынан белгілі бір аумақтықшегіністерге қол жеткізді.

1753 жылдың күзінде Жоңғарияда саны 5 мың адамға дейін жететін қазақ жасақтары әрекет етті (Сулейменов, Моисеев, 1988: 48). Абылай сұлтанның Жоңғариядағы соғысты өте сәтті жүргізгені туралы 1754 жылы 30 қарашада капитан А.Панцыревтың Ямышев бекінісіндегі Луцк полкінің командирі полковник К.Е. Дебонгке баяндамасында хабарланады (ООТА. қ. 1. 1-т. 35-іс. 287-288-п.). Дереккөздер Абылайдың және басқа да қазақ сұлтандарының Әмірсананы қолдауына, сол арқылы Орта жүзді Жоңғариямен соғысу шегіне қоюға итермелеген себептер туралы айтылмайды.

Әмірсана Абылай сұлтанға ағасы Банчжур мен зайсан Барчуйхты жібереді. Әмірсананың елшілері мың жылқы, 20 мың қошқар және мүмкіндігінше көп түйе сұрап, оның орнына «не талап етсе, соны төлеуге» уәде берді (Сулейменов, Моисеев, 1988: 51). Абылай ақсақалдардың көмегімен Әмірсанаға жылқы, 700 түйе мен қой үлестірді. Әмірсана онымен Бұқар кілемдерімен, қару-жарақтарымен, адамдарымен есеп айырысты (Сулейменов, Моисеев, 1988: 51). 1754 жылы шілде-тамыз айларында Даваци әскерлерінің Әмірсананы қуғындауы кезінде Абылай Жоңғарияға жаңа жорық жасады. Абылай қол жеткізген жеңіс Әмірсананы талқандалудан құтқара алмады. Ойрат пен урянхай жасақтарының соққысынан ол қол астындағы аздаған адамдарымен Цин империясының шекарасына қашады. 1754 жылы тамызда Әмірсана Циндік Қытайға қашып, Цяньлун императорынан көмек сұрайды (Сулейменов, Моисеев, 1988: 52). Цин сарайы оны және басқа да ойраттардан қашқандарды Жоңғар хандығын талқандау үшін қару ретінде пайдалануға шешім қабылдады.

Зерттеу нәтижелері. Абылай тактикасының мәні Жоңғарияда тынымсыз тартысты ұстап тұру, ойрат хандары мен нояндарының ешқайсысының күш-қуат алуына жол бермеу, қазақ көшпелілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ойрат билеушілерінен көбірек жеңілдіктер іздеу болды. Қыста көптеген жоңғар нояндары мен зайсандары қазақ шапқыншылығынан қауіптеніп, Іленің жоғарғы ағысына қоныс аударуға аттанды.

1755 жылдың ерте көктемінде Цин әскері Жоңғария жеріне, сәуірдің аяғында Іленің жоғарғы ағысы аймағына кірді. Император Цяньлун жоңғарлардың ішкі алауыздығын пайдаланып, Цин империясына қосылу арқылы жағдайды біржола реттеуге кірісті де, манжур және моңғол әскерлерінің 25 мыңдық жасағы Жоңғарияға жорық жасап, іс жүзінде ешқандай қарсылыққа тап болмады. Жаңа соғысты бастаудың ресми сылтауы Әмірсананың боғдыхан Цяньлунға жоңғар ханының тағын басып алуға көмектесуін өтінуі болды. Әмірсананы және Цин империясына қашқан басқа да жоңғар княздарын өзінің басқыншылық жоспарларын жүзеге асыру үшін қару ретінде пайдалануды ұйғарған маньчжур императорының Жоңғар хандығын сақтап қалу ниеті болған жоқ.

14 мамырда Әмірсана бастаған цин әскерінің авангарды Текес өзенінің аңғарына кіріп, Давацидің бірнеше жасағымен кездесті. Ұрысты қабылдамаған Даваци Қашқарға қарай қашады. 8 шілдеде оны Куча қаласының мұсылман билеушілері тұтқындап, Әмірсанаға тапсырды, ол тұтқынды Цин әскері қолбасшысының ордасына жеткізді. Бірнеше күннен кейін Даваци Цин империясына жеткізілді және 1759 жылы сонда қайтыс болды. Оңай жеңіске жетіп, 1755 жылы Жоңғар хандығын басып алған Цин билігі ойрат тайпаларының жоғарғы билеушісі институтын жойып, басшылары Бейжінге тікелей бағынатын төрт тәуелсіз князьдік құрды. Цяньлун ойраттарды саяси жағынан қайта құруды жоспарлап, оларды бастапқы тайпалық белгілеріне қарай дербеттер, хошуттар, хойттар және чорастар (жоңғарлар атауы осылай өзгертілді) деп



төртке бөлді. Бұл тайпаларды тең құқылы моңғол хандары басқарып, Сыртқы Моңғолияда қалыптасқан ұйымды қайталауы керек еді. Цин әулеті Жоңғариядағы бұрынғы басқару режимін сақтай отырып, ойраттарды оның әкімшілік жүйесіне қосу әрекетін жасады. Бірнеше айдан кейін жаңадан біріккен Ойрат мемлекеті Цин империясына жаппай ығысулар мен ішкі келіспеушіліктерге байланысты қайтадан күйзеліске ұшырады. Әмірсана ноянының өзі Цин империясына қарсы шықты (Ерофеева, Жанаев, 2007: 398).

Жоңғар шонжарларынан шыққан Әмірсана қомақты сыйақы алу үшін маньчжурларға қызмет етеді. Олардың басқа жоңғарларды жеңіп, бағындыруына көмектескен ол күткендей марапатқа ие болмады. Әмірсананың көтеріліс бастау мүмкіндігін түсінген Цяньлун оны қамауға алып, Бейжіңге әкелуді бұйырады. Жолда Әмірсана отбасына барамын деген сылтаумен қашып кетеді. Әмірсананы Бейжіңге жеткізе алмады деп айыпталған Хутухтаның халхалық бас діни қызметкерінің туысы Халха князі Эринчиндоржи оны бірден қуған жоқ (Christopher Kaplonski, 1993: 241). Осы үшін ол ақыры өлім жазасына кесілді.

Әмірсана Бошокту Галданның әпкесі мен Хухунор ханынан тараған (Уәлиханов, 1985: 303). Әмірсана, хойттардың бекітілген көшбасшысы ғана емес, одан да үлкен нәрсеге ұмтылды. 1756 жылы ол өзін бүкіл ойраттар арасында қонтайшы деп жариялады (ойраттардың ең жоғары лауазымы, бұрын Батур қонтайшы иеленген) және Цинге қарсы көтеріліс бастады. Бұл оқиғалар Чингунжав көтерілісі (1756-1757) деп аталды, яғни кейбір моңғол княздарының маньчжурларға қарсы тұру әрекеті (Christopher Kaplonski, 1993: 236). Ойрат Әмірсана көтерілісімен бір мезгілде халхада Хотогой руынан шыққан халха князі – Чингунжав бастаған маньчжурларға қарсы кең ауқымды қозғалыс басталды (Christopher Kaplonski, 1993: 236). Ол өз әрекеттерін Әмірсананың көтерілісімен үйлестіре алмаса да, тіпті халха дворяндарының, әскерінің немесе қарапайым халықтың келісілген көтерілісін ұйымдастыра алмаса да, сол кезде кең ауқымды толқулар болды. Халха- Моңғолия аумағының көп бөлігінде жалпы көтеріліс орын алды, ол қытайлық сауда дүкендерін талқандап, талан-таражға салып, әскер бекеттерінен қашуға алып келді. Зақым ауқымды және үлкен болды. Моңғол шонжарларының көпшілігі орыстардан қорғаныс пен көмек сұрап, маньчжурларға қарсы көтеріліске шығуға дайын болған көрінеді. Алайда көп ұзамай император Цяньлун көтерілісті басып тастады (Christopher Kaplonski, 1993: 239). Халха хандары мен княздары императорға бағынып, алғашқы жақтастары қашып кеткендіктен, екі көтерілісті қолдауын тез жоғалтты. Бұл арада Цин үкіметі бұдан да маңызды күштерді жинап, оларды Жоңғариядағы көтерілісті басуға жіберді. Ойрат көтерілісшілерінің бытырап кеткен отрядтары жауды кешіктіре алмады. Әмірсана ақыры Ресей шекарасынан қашып, сол жерде қайтыс болды деген қауесет тарады. Пікірлестерінің көпшілігі тастап кеткен Әмірсана сәуір айында 200 сарбазымен бірге Абылай сұлтанның көшпелілер лагеріне бой тасалады (Сулейменов, Моисеев, 1988: 55). Цин қолбасшылығы бүлікші ноянның орналасқан жерін білген бойда Абылайдан Әмірсананы беруді табанды түрде талап ете бастады. Қазақ сұлтаны бұл ультиматумды орындаудан бас тартып, Орта жүздің жасақшыларымен бірге Цин әскерлеріне қарай жорыққа шықты. Жоңғарияны от пен қылышпен басып өткен Цин әскері 1757 жылы маусымда қазақ көшпелілерінің шекарасына жақындады. Маньчжур әскерлерін генералдар Фудэ мен Чжао-Хуэй басқарды (Ерофеева, 2014: 425).

Бұл кезде Әмірсана Абылай иелігінен Ресейге қашып кеткен болатын. Абылай маньчжур-қытай әскерлерінің үлкен әскерлері Орта жүз көшпелілеріне жақындап келе жатқанын білген соң, жауласуды тоқтатып, циндермен бітімге келуге бел буады. Қалыптасқан дипломатиялық дәстүр бойынша Абылай император Цяньлунға қазақтардың саяси серіктестерімен қарым-қатынасында ежелден қалыптасқан дәстүр



бойынша жылқыларды сыйға жіберген. Генералдар Чжаохуй мен Фуде де сыйлық ретінде бір-бір жылқы алды, бірақ императордың жылқыларын көптеген ғасырлар бойы Қытайда кең таралған дәстүр бойынша өз сыйлықтарынан бөліп, оларды қазақ сұлтанының «алымы» деп атады. Қытайдың басқа мемлекеттермен және халықтармен қарым-қатынасы туралы дәстүрлі синоцентристік доктрина тұрғысынан Аспан империясының билеушісі шетелдік билеушілерден тек «алым» қабылдай алады.

Цин сарайының алдында қазақ хандықтарына қатысты саясат – қазақ билеушілерін Жоңғариядағы маньчжурға қарсы қозғалысты қолдаудан бас тартуға қалай мәжбүрлеу мәселесі тұрды. Бұл кезде Цин сарайы мен Орта жүз билеушілері арасында саяси байланыстар орнады. Бұл келесі жағдайларда орын алды. Жоңғар хандығымен соғысқа орасан зор дайындық жүргізе отырып, Императорлық Қытай үкіметі хан тағына таласушы әр алуандардың өз ара күресінің барлық қыр-сырын мұқият қадағалап отырды. Бейжіңдегі агенттер мен ойраттардан қашқан қазақ билеушілерінің, ең алдымен, 1755 жылдың қысы мен көктемі бойы әскерлері Жоңғарияға басып кірген Орта жүз сұлтаны Абылайдың бұл оқиғалардағы рөлін олар жақсы түсінді (РИССА. к. ККД. 1755: 1-п.). Цин империясының әскерлері Батыс Моңғолиядағы Жоңғар хандығын талқандауға кіріскен кезде қазақтар өздерінің бұрын қараусыз қалған жайылымдарын қайтадан басып алып, орыс қоныстарымен байланысқа түсті. Ұлы жүз Жетісудың көп бөлігін қайтарып алды, бірақ Орта жүз қазақтары Ертіс бойындағы бұрынғы жайылымдарынан асып кетті. Олар шығысқа қарай кеңейіп, кейде Жоңғарияның көп бөлігінде, сондай-ақ Алтай таулары мен Батыс Моңғолияда жайылымдарды алып жатты. Бұл көшпелі жолдар өз кезегінде Орта жүзді Цин империясымен тығыз байланыста болды. Жоңғариядағы қазақ билеушілерінің іс-әрекетінің күшеюі Цин үкіметін шабуылға асығуға мәжбүр етті. Жоңғар хандығы мемлекеттік құрылым ретінде жойылғаннан кейін император Цяньлун әскер қолбасшылығына «қазақ мәселесін» шешудің екі ықтимал нұсқасын ұсынады (Сулейменов, Моисеев, 1988: 56). Біріншіден, дипломатиялық жолдар арқылы қазақтарды Жоңғариядан өз әскерлерін шығаруға, екіншіден, Аспан империясының сузерендігін мойындауға мәжбүрлеу. Дұшпандық әрекеттер болған жағдайда әскерді қолдану ұйғарылды.

Осылайша, 1752-1755 жылдары Абылай сұлтан бұрын жоңғар ақсүйектерімен біршама жиі және тығыз байланыста болып, көтерілісші нояндар Давақи мен Әмірсапа жағында жоңғар княздарының хан тағы үшін жүргізген аралық таластарына қатысты. Абылай сұлтан екі мемлекетпен де дипломатиялық қатынасты сақтай отырып, Ресей мен Цин империялары арасында айла-шарғы жасау саясатын жүргізді. 1740 жылы Абылай ресми түрде Ресей бодандығын қабылдап, Жоңғариядағы ішкі саяси жағдайға ықпал ете бастағандықтан, сұлтан 1757 жылы Цин империясымен дипломатиялық байланыс орнату мүмкіндігіне ие болды. Осы байланыстарды ұдайы сақтау Ресей империясының Қазақ хандығы аумағындағы алға жылжуын бәсеңдетуге және Цин империясының 1756–1757 жылдары болған белсенді әскери әрекеттерінің ықтимал өршуіне жол бермеуге мүмкіндік берді (Michael G. Chang, 2015: 13). Осы жылдары Абылай Циндік Қытайға қарсы Шыңғұнжавтың азаттық көтерілісінде Әмірсапаға әскери қолдау көрсетті. Әмірсаналар жеңіліп, қашқаннан кейін ол циндермен бейбіт келісім жасап, 1757 жылы Ресеймен бірге Цин бодандығын қабылдады. 1757-1759 жж. Бейжіңмен тікелей дипломатиялық байланыс орнатты, бұл тікелей қазақ-қытай қатынастарының қалыптасуы мен дамуының бастауы болды. Цин империясындағы қазақ-жоңғар қатынастары мен байланыстары мәселелерін шешудегі көрнекті рөлінің арқасында сұлтан қазақ қоғамында үлкен саяси ықпалға ие болды.

Абылай хан елдегі ішкі саяси қайшылықтар мен халықаралық жағдайдың шиеленіскен кезеңінде қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын



сақтауға барынша күш салды. Ол орталық биліктің әлсіреп, жекелеген сұлтандар мен кейбір адуынды батырлардың ел іргесін ыдыратуға бағытталған әрекетінің күшейген кезінде, еліміз анталаған сыртқы жаулардың қыспағында қалған тұста ел басқарды.

Абылай өмірінің көптеген жылдарын сұрапыл ауыр шайқастар мен әскери жорықтарда өткізді, соның ішінде қырғыз жеріне қатысты соғыстардың орны ерекше. Жоңғар мемлекеті 1758 жылы түбегейлі жойылғаны белгілі. XVIII ғасырдың 60-шы жылдары қазақтар мен Алатау қырғыздары арасындағы қарым-қатынас күрт нашарлап кетті (Абуев, 2006: 229).

Қытайдың басқа мемлекеттермен және халықтармен қарым-қатынасы туралы дәстүрлі синоцентристік доктрина тұрғысынан Цин билеушісі тек шетелдік билеушілерден «алым» қабылдай алады. Цин сарайының Қазақ хандығына қатысты саясатында – қазақ билеушілерін Жоңғариядағы мәнжуға қарсы қозғалысты қолдаудан қалай бас тартуға мәжбүрлеу мәселесі тұрды. Осы кезде Цин сарайы мен Қазақ билеушілері арасында саяси байланыстар орнап, бұл қатынас әрі қарай жалғасын тапты. Жоңғар хандығымен соғысқа орасан зор дайындық жүргізген императорлық Цин үкіметі хан тағына таласушы түрлі топтардың өзара күресінің барлық қыр-сырын мұқият қадағалап отырды (Абылай хан..., 2013: 145).

Қорытынды. Абылай жоңғар жеріндегі ұлтаралық талас-тартысты қолдай отырып, сол арқылы бір-біріне қарама-қарсы ойрат нояндары тобының қай-қайсысының да күшеюіне жол бермеді және олардың әлсіреуі нәтижесінде ойраттарды Солтүстік-Шығыс Қазақстан мен Жетісудың әртүрлі аймақтарынан дәйекті түрде қуып жіберді. Біздің ойымызша, Абылай Қытайдың әскер беретініне сенімсіздік танытты. Себебі, оның алдында әскерікөмек сұраған уақытта олар бірден бас тартқан болатын. Бірақ Сыздық төрені Қытайға жіберіп көмек сұрауынан, дипломатиялық байланыс орнатуды мақсат тұтқанын немесе реверанс әдісін қолдануға талпынысы деп түсінуге болады. Сол кезде Абылайдың қырғыздарды бағындыратын өзінің әскери жасағы жеткілікті еді. Абылай ханның жүз мыңға дейін әскер құрамын қазақтар арасынан да жинай алатын мүмкіндігі болған. Соның дәлелі ретінде келтірсек: 1771 жылы көктемде Балқаш өзенінің жанында Еділ қалмақтармен шайқасқа қазақтардан жасақталған 100 мың сарбаз жинаған. Соның 50 мыңын Абылай ханның немере ағасы Сұлтанмәмет сұлтан солтүстік-шығыс Қазақстаннан жинақтап алып келген (Кабульдинов, 2018: 127). Осындай айла-тәсілдерінің арқасында сұлтан өз қол астындағы өлкенің көшпелі халқы арасында саяси ұстанымдарын едәуір нығайтып, қазақ көшпенділерін Ертістің орта және жоғарғы ағысы алқабына, Зайсан ойпатына және Іле өзенінің төменгі ағысы жағына қарай ілгерілетте алды. Осылайша, XVIII ғасырдың 50-жылдардың ортасына қарай Абылайдың ықпалы Орта жүздің және ішінара Кіші жүздің көптеген руларына тарады, бұған оның ойраттарға қарсы сәтті әскери жорықтары үлкен ықпал етті.

Дереккөздер

РИССА — Ресей империясының сыртқы саясат архиві
ООТА — Омбы облысының тарихи архиві

Sources

AVPRI — Foreign Policy Archive of Imperial Russia
IAOO — Historical archive of the Omb region

Әдебиеттер тізімі

Абуев, 2006 — *Абуев К.* Хан Абылай и его время. Астана: Елорда, 2006. 304 б.
Валиханов, 1985 — *Валиханов Ч.Ч.* Собрание сочинения в пяти томах. Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии: Том II. 1985. 416 с.



Ерофеева, 2014 — *Ерофеева И.* Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 гг. Сборник исторических документов. В 2 т. Т. 1: Письма казахских правителей. 1675–1780 гг. / Алматы: АО АБДИ Компани. 2014. 696 с.

Жанаев, 2013 — *Жанаев Б.Т.* История Казахстана, 2013 – История Казахстана в документах и материалах: Альманах. В 3 т. Т. 3 / Караганда: ПК Экожан, 2013. 496 с.

Кабульдинов, 2018 — *Кабульдинов З.Е.* Султанмамат султан: государственный деятель, дипломат и батыр. Алматы: Литера-М, 2018. 303 с.

Левшин, 1832 — *Левшин А.* Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.2.: Сочинения А.Левшина. – СПб.: Типография Карла Крайя, 1832. 264 с.

Моисеев, 1991 — *Моисеев В.А.* Джунгарское ханство и казахи (XVII– XVIII вв.). Алма-Ата: Гылым, 1991. 238 с.

Ошан, 2013 — Ошан Ж., Кабылдинов З.Е. және басқалар. Абылай хан. Алматы: Радуга. 2023. 350 б.

Сулейменов, Моисеев, 1988 — *Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А.* Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая). Алма-Ата: Наука. 1988. 144 с.

Christopher Kaplonski, 1993 — *Christopher Kaplonski*, Collective memory and Chingunjav's rebellion // History mid Anthropology. Malaysia: Harwood Academic Publishers GmbH, 1993. Vol. 6, No. 2-3. Pp. 235-259

Michael G. Chang, 2015 — *Michael G. Chang*. The Emperor Qianlong's Tours of Southern China: Painting, Poetry, and the Politics of Spectacle // The Asia-Pacific Journal. Japan Focus. 2015. Volume 13. Issue 8. Number 3. Pp. 1-20.

References

Abuev, 2006 — *Abuev K.* Han Abylai i ego vremya. Astana: Elorda, 2006. 304 p.

Chang, 2015 — *Michael G. Chang*. The Emperor Qianlong's Tours of Southern China: Painting, Poetry, and the Politics of Spectacle // The Asia-Pacific Journal. Japan Focus. 2015. Volume 13. Issue 8. Number 3. P. 1-20.

Christopher Kaplonski, 1993 — *Christopher Kaplonski*, Collective memory and Chingunjav's rebellion // History mid Anthropology. Malaysia: Harwood Academic Publishers GmbH, 1993. Vol. 6, No. 2-3, pp. 235-259

Erofeeva, 2014 — *Erofeeva I.V.* Epistol'noe nasledie kazahskoi pravyashchei elity 1675–1821 gg. Sbornik istoricheskikh dokumentov. V 2 t. T. 1: Pis'ma kazahskikh pravitelei. 1675–1780 gg. / Алматы: АО АБДИ Компани. 2014. 696 p.

Kabul'dinov, 2018 — *Kabul'dinov Z.E.* Sultanmamet sultan: gosudarstvennyj deyatel', diplomat i batyr. Almaty: Litera-M, 2018. 303 p.

Levshin, 1832 — *Levshin A.* Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kaisackih ord i stepi. Vol. 2.: Sochineniya A. Levshina. SPb.: Tipografiya Karla Kraiya, 1832. 264 p.

Moiseev, 1991 — *Moiseev V.A.* Dzhungarskoe hanstvo i kazahi (XVII– XVIII vv.). Alma-Ata: Gylym, 1991. 238 p.

Oshan, 2013 — *Oshan Z.E.* Abylai han. Zh. Kabul'dinov zhane baskalar. Almaty: Raduga. 2023. 350 p.

Suleimenov, Moiseev, 1988 — *Sulejmenov R.B., Moiseev V.A.* Iz istorii Kazahstana XVIII veka (o vneshnej i vnutrennej politike Ablaya). Alma-Ata: Nauka. 1988. 144 p.

Valihanov, 1985 — *Valihanov Ch.Ch.* Sobranie sochinenii v pyati tomah. Alma-Ata: Glavnaya redakciya Kazahskoi sovetskoi enciklopedii: Tom II. 1985. 416 p.

Zhanaev, 2013 — *Zhanaev B.T.* Istoriya Kazahstana v dokumentah i materialah: Al'manah. V 3 t. T. 3. Karaganda: PK Ekozhan, 2013. 496 p.



ОТАН ТАРИХЫ. 2024 № 27 (1)

ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Тухтаева М.С. (Узбекистан) РЕНЕССАНС И ОБРАЗ ЦАРИЦЫ ТОМИРИС.....	5
Оспанова А.К. ҚАЙЫП МҰХАММЕД ХАННЫҢ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫНА ОСМАНЛЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ (XVIII ғ.).....	21
Қартова З.К., Көмеков Б.Е., Әлібай Е.А. ҚАЗАҚ БИЛЕУШІЛЕРІ ТӘУЕКЕЛІ МЕН ТҮРСЫН МҰХАММЕД ЖАРЛЫҚТАРЫНЫҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ.....	34
Kuanbay O. THE MAIN PRINCIPLES AND COURSES OF TAUKE KHAN'S FOREIGN AND INTERNAL POLICIES, AND THE CORE TENETS OF THE LEGAL CODE “ZHETI ZHARGY”.....	48
Бейсембаева А.Р. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XV-ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XVIII ВВ.).....	65
Zhumatay S. THE COMPLICATION OF KAZAKH-DZUNGARIAN RELATIONS IN THE 20S OF THE XVIII CENTURY.....	79
Шашаев Ә.Қ., Мақсұтова А.А., Досқараева А.А. ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСЕЙ БИЛГІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	92
Беркінбаев О.У. XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ӘМІРСАНА КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫ.....	105
Алимова Д. (Узбекистан) ТРИ ШТРИХА К ИСТОРИИ ПАЛОМНИЧЕСТВА ИЗ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ К СВЯТЫНЯМ МЕККИ (вторая половина XIX – начало XX вв.).....	117
Мұхатова О.Х., Оразов Р.Е. ОРЫНБОР ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....	132
Рахымқұлов Д.А. БЕКБОЛАТ ӘШЕКЕЙҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ. ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІ).....	150
Ratkhiddinov R.K. (Узбекистан) HISTORY OF THE HEALTH CARE SYSTEM OF THE COUNTRY OF TURKESTAN IN THE YEARS 1917-1924: AS IN THE EXAMPLE OF FERGANA PROVINCE.....	172
Аяган Б.Г., Маликова С.З. ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА В ПЕТРОПАВЛОВСКЕ В 1918-1921 ГОДЫ (ПО ДАННЫМ АРХИВОВ И ВОСПОМИНАНИЯМ СОВРЕМЕННИКОВ).....	180
Рыскулов Т.А. ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИСКАНДЕРА ЖОЛАМАНОВА – ПЕРВОГО КАЗАХСКОГО НАРКОМА КЫРГЫЗСТАНА В 1920-1930-Х ГГ.....	198
Абуов Н.А., Картова З.К. ИСТОРИЯ МИГРАЦИЙ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАН В XX ВЕКЕ: ВЛИЯНИЕ НА ЭТНИЧНОСТЬ И ГРАЖДАНСКУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ.....	213
Rysbekov T.Z., Rysbekova S.T., Shintimirova V.G. HISTORICAL PERSONALISTICS OF KAZAKHSTAN AND ACADEMICIAN R.V. SULEIMENOV.....	230
АРХЕОЛОГИЯ / ЭТНОГРАФИЯ / ЭПИГРАФИКА	
Қасенали А.Е., Қасенова А.Д., Дүйсенбай Д.Б. САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕГІ ҚЫПШАҚ УАҚЫТЫНЫҢ ҒИБАДАТХАНАСЫ.....	248
Сейітханұлы Ш. (Монголия), Жанықұлов Н. ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУ.....	263



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
